Ауабаптағышқа салынған жоғары тиімді NanoAqua генераторы** су молекулаларын иондайды, оны ауадағы бактериялар мен вирустарды жоятын қосылыстар түзетін катиондар мен аниондарға бөледі. Сонымен қатар, модуль ауаны тазартуға көмектесетін бөлмедегі шаңның тез түсуіне ықпал етеді. Денсаулық батырмасын басқаннан кейін қашықтан басқару пультінің дисплейінде пиктограммасы пайда болады, ультракүлгін шам қосылады, таза ауа ағыны* және иондау және тазарту функциясы іске қосылады (Nano-Aqua).

«ДЕНСАУЛЫҚ» функциясы Ішкі желдеткіш жұмыс істеп тұрған кезде кез-келген жұмыс режимінде белсенді болады. Егер бұл желдеткіш жұмыс істемесе және функция қосулы болса, онда қашықтан басқару пультінің дисплейінде функцияның пиктограммасы көрсетіледі, бірақ Nano-Aqua модулімен ион генерациясы жүзеге асырылмайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

1. УК-дезинфекциялау функциясын күніне 1-2 сағатқа қосу ұсынылады, ұзағырақ пайдалану УК-шамның қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.
2. УК-дезинфекциялау функциясы қосылған кезде УК-шамға тікелей қарап, оны қолыңызбен ұстай алмайсыз. Блоктың жақтауын ашпас бұрын дезинфекциялау функциясын өшіру керек.
3. Дезинфекциялау функциясы қосылған кезде ауабаптағыштың ауа кіретін тесігінің жанында көк жарық пайда болуы мүмкін.
4. УК-шамды тек ішкі блоктың желдеткіші жұмыс істеп тұрған кезде және денсаулық функциясы жұмыс істеген кезде қосуға болады.

*Таза ауа ағыны опция болып табылады және барлық модельдерде жұмыс істемейді
** Nano-Aquo генераторы барлық модельдерде жұмыс істемейді.

Таймер бағдарламасымен жұмыс істеуі

Таймердің көмегімен ауабаптағышты автоматты түрде қосуды немесе өшіруді бағдарламалауға болады. Мысалы, таңертең оянар алдында немесе үйге келмес бұрын қосу, содан кейін ұйықтау алдында өшіру

1. Керекті деген жұмыс режимін таңдап алыңыз.
2. **УАҚЫТ ҚОС.** батырмасын басыңыз. Пульттің дисплейінде "ON 0.5" жыпылықтап тұрады. Қосылатын керекті уақытты таңдаңыз.
   УАҚЫТ ӨШІР. батырмасын басыңыз. Пульттің дисплейінде "OFF 0.5" жыпылықтап тұрады. Өшірілетін керекті уақытты таңдаңыз.
3. **ТЕМП+/ТЕМП-** батырмасын басыңыз, Керекті уақытты орнатыңыз.
   Батырманы басқан сайын уақыт мәні 1 минутқа артады немесе азаяды. Батырманы басып тұрғанда мәнді жылдам өзгерту орындалады.
   Таймерді қосу/өшіру бір күнге (24 сағат) бағдарламалануы мүмкін.
4. Берілген мәнді құптау.
   Таймермен Қосылудың немесе Өшірілудің қажетті уақыт мәнін орнатып алғаннан кейін, кейін, **РАСТ/ДОҒАР** батырмасын басыңыз.
5. Таймердің бағдарламасын доғару.
   РАСТ/ДОҒАР батырмасын басыңыз, содан кейін дисплейде таймер бойынша уақыт дисплейі жоғалады.

ЕСКЕРТУ:

Батареяларды ауыстырғаннан немесе қуат көзі істен шыққаннан кейін таймер параметрлерін қайта орнату керек. Параметрлер реттілігіне сәйкес- ҚОС.УАҚЫТ немесе ӨШІР.УАҚЫТ ауабаптағыш алдымен қосылады, содан кейін өшеді немесе, содан кейін қосылады.

Ауабаптағышқа Wi-Fi қосу

Кондиционерді Wi-Fi желісіне қосыңыз және құрылғыны қашықтан басқара аласыз. Ол үшін:

1. evo* қолданбасын жүктеп алыңыз

GET IT ON Google Play

Download on the App Store

2. Evo қолданбасын ашыңыз, Жаңа тіркелгі жасаңыз немесе жүйеге кіріңіз.

3. «Дом» бөліміне өтіп, «Добавить устройство» түймесін немесе жоғарғы оң жақ бұрыштағы «+» түймесін басыңыз.



4. Қашықтан басқару пультіндегі «Қосу/Өшіру» түймесін 5 секунд бойы басып тұру арқылы кондиционерді қосыңыз және оны WiFi қосылу режиміне қойыңыз. Содан кейін қолданба құрылғыңызды тауып, анықтауы керек.

Бірнеше маңызды кеңестер:

- Үйдегі Wi-Fi желісінің жиілігі 2,4 ГГц екеніне көз жеткізіңіз. Мұны өз роутеріңіздің параметрлерінен тексеруге болады.
- Смартфондағы Bluetooth және орынды анықтау мүмкіндігі қосылғанын тексеріңіз.
- Смартфонда Bluetooth және орынды анықтау қосылға-нын тексеріңіз.
- Кондиционерге жақындаңыз.

5. Орнатуды аяқтау үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз.

- Wi-Fi функциясын, сондай-ақ ұялы қолданбаны қосу және пайдалану барлық аймақтар (елдер) үшін мүмкін емес.
- Wi-Fi функциясын, сондай-ақ сіздің аймағыңызға (еліңізге) арналған ұялы қолданбаны қосу және пайдалану мүмкіндігін уәкілетті ұйымның сатушысынан тексеріңіз).

ҚОС/ӨШІР және пультті қолданбастан тестілеу

ҚБ пультсіз Қосу/Өшіру:

- Егер қашықтан басқару пульті ақаулы болса (мысалы, батареялар заряды таусылған) немесе жоғалған болса, бұл функцияны пайдалануға болады.
- Ауабаптағышты қосу үшін ішкі блоктың алдыңғы жағындағы «апаттық қосу» батырмасын басыңыз. Бұл жағдайда ауабаптағыштың Температураны автоматты түрде ұстап тұру режиміне қосылғанын растайтын жалғыз дыбыстық сигнал («Pi») шығады.
- Пульті жоқ бірінші рет қосқан кезде, кондиционер бөлменің ағымдағы температурасына байланысты Салқындату және Жылыту режимдері арасында автоматты түрде ауысады (кестені қараңыз)



Бөлмедегі температура	Берілген температура	Таймер жұмысы	Желдеткіш жылд.	Жұмыс режимі
24 ºC жоғары	24 °C	Жоқ	Авто	Салқындату
24 ºC төмен	24 °C	Жоқ	Авто	Жылыту

- Ауабаптағышты «апаттық қосу» кезінде температура мен желдеткіштің жылдамдығын өзгерту, сондай-ақ Құрғату режимін немесе таймер бағдарламасын пайдалану мүмкін емес.

Тестілеу функциясы:

Тестілеу функциясын іске қосу үшін ішкі блок тақтасындағы төтенше жағдайда қосылғандағыдай батырманы пайдаланыңыз.



- Тестілеу функциясын бөлме температурасы 16°C-тан аспайтын жағдайларда ауабаптағыштың жұмысын тексеру үшін пайдалану керек.
- Төтенше өшіру түймесін басыңыз және оны 5 секундтан артық ұстаңыз (сіз "Pi-Pi") қос дыбыстық сигналын естисіз), кейін бұл төтенше өшіру түймесін босатыңыз.
- Сынақ функциясы жоғары желдеткіш жылдамдығымен салқындату режимінде орындалады.

4. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Тиеу және түсіру, тасымалдау, сақтау кезіндегі қауіпсіздік шаралары

- **Тиеу-түсіру жұмыстарын орындау қауіпсіздігі**

1) Жабдықты тиеу, тасымалдау және түсіру кезінде сақ болу қажет.
2) Жүкке абайсыз және ұқыпсыз қарауға жол берілмейді. Жабдықты тебуге, лақтыруға, құлатуғ, домалатуға, тартуға болмайды.
3) Тиеумен және түсірумен айналысатын қызметкерлер қауіпсіздік техникасы бойынша қажетті нұсқаулықтан өтуге және жүкті ұқыпсыз пайдаланудың ықтимал салдарымен танысуға тиіс.
4) Тиеу және түсіру орны құрғақ ұнтақты өрт сөндіргіштермен немесе жарамды жарамдылық мерзімі бар қолайлы үлгідегі басқа өрт сөндіргіштермен жарақталуы тиіс.
5) Дайындықтан өтпеген жұмыскерлердің тұтанатын тоңазыту агенттері құйылған ауабаптағыштарды тиеу мен түсіруді жүзеге асыруға құқығы жоқ.
6) Тиеу-түсіру жұмыстары басталғанға дейін Электростатикалық зарядтардан қорғау шаралары қабылда нуы тиіс, тиеу-түсіру жұмыста-ры кезінде телефондарды пайдалануға болмайды.
7) Ауабаптағыштың жанында темекі шегуге және от жағуға тыйым салынады.

- **Тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік шаралары**

1) Тасымалдаудың ең жоғары көлемі жергілікті нормативтер мен регламенттерге сәйкес айқындалады.
2) Тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарын пайдалану жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.
3) Техникалық қызмет көрсетуге жататын тоңазыту агент бар баллондар мен ауабаптағыштарды тасымалдау үшін арнайы көлік құралдарын пайдалану қажет. Ашық тасымалдауға тыйым салынады.
4) Жаңбырдан қорғауға арналған қалқалар және көлік құралдарының басқа да қорғаныш жабындары отқа төзімді материалдардан жасалуға тиіс.
5) Көлік құралының шанағы тұтанатын тоңазыту агенттерінің ағып кетуін сигнал беру құрылғысымен жабдықталуы тиіс.
6) Тасымалдауға арналған бөлікте электростатикалық зарядтардан қорғау құрылғысы орнатылуы тиіс.
7) ЖҮргізуші кабинасы құрғақ ұнтақты өрт сөндіргішмен немесе жарамды жарамдылық мерзімі бар қолайлы үлгідегі басқа өрт сөндіргіштермен жарақталуы тиіс.
8) Көлік құралдарының бортына және артқы есігіне қозғалыс қатысушыларына қашықтықты сақтау қажеттілігі туралы ескерту ретінде сарғыш-ақ немесе қызыл-ақ жарық шағылыстыратын жолақтар желімделуі тиіс.
9) Тасымалдау тұрақты жылдамдықпен жүзеге асырылуы тиіс. Жылдам және күрт үдеу мен тежелуден аулақ болу керек.
10) Жанғыш жүктер мен статикалық электр көзі болып табылатын жүктер бірлесіп тасымалдауға жатпайды.
11) Тасымалдау кезінде температурасы жоғары аймақтардан аулақ болу керек, сондай-ақ шанақ ішіндегі температура шамадан тыс көтерілген жағдайда қорғау шараларын қабылдау қажет.

- **Сақтау кезіндегі қауіпсіздік шаралары**

1) Сақтау кезеңінде ауабаптағыштар блоктардың механикалық зақымдануы нәтижесінде тоңазыту агентінің ағып кетуіне жол бермейтіндей етіп оралуы керек.
2) Бір жерде сақтауға рұқсат етілетін жабдықтың ең көп саны жергілікті ережелер мен регламенттерге сәйкес айқындалады.

Құрастыру кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар

- **Орнату кезіндегі сақтық шаралары**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- R32 пайдаланатын ауабаптағышты орнатуға рұқсат етілетін үй-жайдың ең аз ауданы, ол ағып кеткен жағдайда үй-жайдағы тоңазыту агенті концентрациясының критикалық деңгейден жоғары көтерілу қаупінсіз, төмендегі кестеде келтіріледі.
- Фланецтік қосылысты бір рет пайдалануға ғана жол беріледі, қайта пайдалануға тыйым салынады. Бұл талапты сақтамау жүйенің тығыздығына теріс әсер етуі мүмкін.
- Ішкі / сыртқы блоктарды қосу үшін техникалық сипаттамалар мен орнату және пайдалану нұсқауларының талаптарына сәйкес келетін бұзылмаған кабельді пайдалану қажет.

Бөлменің ең аз ауданы

Тоңазыту агенті	НПВ* кг/м³	Жиынтық құю (кг)					
R32	0,307	1,781	2,519	3,708	4,932	6,170	7,965
		Ең аз ауданы (м²)					
		3	6	13	23	36	60

- **Негізгі тексерулер**

1) Әрекеттер: ықтимал тәуекелдерді барынша азайту үшін барлық әрекеттер нұсқаулықтарға сәйкес орындалуы тиіс.
2) Құрастыру аймағы: бөлінуі және тиісті түрде оқшауланууы тиіс. Жабық кеңістікте жабдықпен жұмыс істеу ұсынылмайды. Ауа баптау жүйесін іске қосар алдында немесе жоғары температуралы әрекеттер алдында алаңды ауа жаңартуды немесе желпуді қамтамасыз ету керек.
3) Орнату орнын тексеру: тоңазыту агентінің зарядын тексеріңіз, тоңазыту агентінің ағып кетуін тексеріңіз.
4) Өрт қауіпсіздігін тексеру: қол жеткізу шегінде өрт сөндіргіш және "Темекі шегуге болмайды"деген тыйым салатын белгі орнату қажет. Ауабаптағыштың жанына от көздерін немесе жоғары температура көздерін орналастыруға болмайды.

- **Қаптаманы алып тастағаннан кейін жабдықты тексеру**

1) Ішкі блок:
Ішкі блок азотпен толтырылған (буландырғышта). Ең алдымен, қаптаманы алып тастағаннан кейін, ішкі блоктың газ құбырының жасыл пластикалық бітеуішінің жоғарғы жағында орналасқан Қызыл таңбаны тексеру керек. Бұл белгінің болуы буландырғыштың азотпен толтырылғанын білдіреді. Содан кейін контурда азоттың болуын тексеру керек. Буландырғыштағы сұйық құбырдың қара пластик бітеуішінің басу керек.Ішкі блоктан азоттың шығуы тоңазыту агенті контурының қымтаулылығын бұзуды білдіреді. Бұл жағдайда блокты орнату мүмкін емес.
2) Сыртқы блок:
Сыртқы блокта тоңазыту агентінің ағуы тасымалдау орамасы ішіне орнатылған ағып кету детекторы арқылы тексеріледі. Тоңазыту агентінің ағуы анықталған жағдайда сыртқы блок сервистік орталыққа берілуі тиіс.Бұл жағдайда блокты орнату мүмкін емес

- **Орнату орнын тексеру**

1) Ауабаптағышты ауданы ішкі блоктағы ескерту белгісінде көрсетілген мәннен аз үй-жайда орнатуға болмайды.
2) Әлсіз тұтанатын тоңазыту агенті құйылған ауабаптағышты сыртқы блогын жабық үй-жайларда орнатуға болмайды.
3) Ішкі блоктың астына қуат көздерін, ажыратқыштарды және майлы жылытқыштар сияқты жоғары температурадағы басқа құрылғы-ларды қоймаңыз.
4) Қуат тізбегі жерге ұластыру сымымен жабдықталған және сенімді жерге қосылған болуы керек.
5) Қабырғаға тесік жасамас бұрын, таңдалған позиция кіріктірілген инженерлік коммуникациялармен (су құбырлары/электр кабель-дері/газ құбырлары) сәйкес келмейтініне алдын-ала көз жеткізіңіз.

- **Жабдықты орнату кезіндегі қауіпсіздік ережелері**

1) Орнату орнында жақсы желдетуді ұйымдастыру қажет (есіктер мен терезелер ашық).
2) Температурасы 54,8°C-тан асатын ашық отты немесе жылу көздерін (оның ішінде дәнекерлеу аппараттары, сигареттер, пештер) тұтанатын тоңазыту агенті құйылған ауабаптағышты жанында қолдануға болмайды.
3) Электростатикалық зарядтардан қорғау шараларын қарастыру қажет, мысалы, мақта киімдері мен мақта қолғаптарын пайдалану.
4) Орнату позициясы қондырғының ыңғайлылығы мен қызмет көрсетуін ескере отырып таңдалады. Жабдықты жылу көздерінің, тез тұтанатын және тұтанғыш ортаның жанына орналастыруға болмайды.
5) Құрастыру кезінде тоңазыту агенті ішкі блоктан ағып кеткен кезде сыртқы блоктың шұраны дерею жабылуы, терезелері ашық болуы, ал барлық жұмыскерлер эвакуациялануы тиіс. Ағып кету орнын анықтағаннан кейін бөлмедегі ауабаптағыштың концентрациясын тексеру керек. Бөлмедегі тоңазыту агенті концентрациясы қауіпсіз деңгейге дейін төмендегенше одан әрі жұмыс істеуге болмайды.
6) Зақымдалған жағдайда ауабаптағышты техникалық қызмет көрсету орнына жеткізу керек. Тұтынушы аумағында тоңазыту агентінің құбырларын дәнекерлеу мүмкін емес.
7) Ішкі және сыртқы блоктардан ауа кіруі / шығуы үшін ешқандай кедергі болмауы керек. Электр құралдарын, автоматты ажыратқыштарды, розеткаларды, бағалы заттарды және жоғары температура көздерін ішкі блокқа тікелей жақын орналастыруға болмайды.

- **Электр қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

1) электрқұрастыру жұмыстары кезінде қоршаған орта факторларын (температура, тікелей күн сәулесінің әсері, жауын-шашын) ескеру және тиісті қорғау шараларын қолдану қажет.
2) Қуатты кабель және блокаралық кабель ретінде тек мыс сымды пайдалануға рұқсат етіледі. Электр сымдары жергілікті стандарт-тардың талаптарына жауап беруі тиіс
3) Ішкі блокты және сыртқы блокты сенімді түрде жерге қосыңыз.

4) Алдымен сыртқы блокты электрмен жабдықтау желілеріне қосыңыз. Содан кейін ішкі блокты электрмен жабдықтау желілеріне қосыңыз. Ауабаптағышты электрмен қоректендіру тек электр құрастыру және құбырларды қосу бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.
5) Жабдық белек электр желісіне қосылуь керек Ағып кету тогынан корғау құрылғысын қосу керек. Құрылғының номиналы талаптарға сай болуы керек.

• Монтажшылардың біліктілігіне қойылатын талаптар

Құрастыру жұмьстарын біліктілік сертификатын алған мамандар жүзеге асыруы керек. Сертификат ұлттық заңнама талаптарына сәйкес болуы тиіс.

• Ішкі блокты орнату

1.Қабырғаға құрастыру үлгтүрін орнату

Ішкі блоктың орналасуы конденсаттың еркін ағып кетуіне және сыртқы блокқа қосылуды жеңілдетуге мүмкіндік беруі керек. Байланы-стырушы құбыр ішкі блоктың буландырғышына конустық қосылыстармен қосылуы керек.

2. Құбырларды төсеу

Кабельдерді, тоңазыту агентінің құбырларын және дренаждық құбыршекті төсеу кезінде дренаждық құбыршекті блокаралық кабельмен бірге төсеуге болады. Бұл жағдайда блокаралық кабель мен дренаждық құбыршек бір-біріне қатысты үстіңгі және астыңғы жағында орналасқан. Байланыс және қуат кабельдерін бірге салуға болмайды. Дренаждық құбырлар жылу оқшаулағыш материалмен жабылуы керек. Әсіресе бөлме мен блоктың ішіне салынған құбырлар.

3. Блоктар аралық құбырларды орнату аяқталғаннан кейін тоңазытқыш жүйесінің саңылаусыздығын тексеру қажет (толық сипаттама осы нұсқаулықтың тиісті тармағында келтірілген)

1. Ағып кетуді анықтау құбырды буландырғышқа қосқаннан кейін жүзеге асырылады. Ағып кетуді анықтау үшін буландырғыш тізбегін азотпен тексеріңіз.
Содан кейін буландырғыштың контурын сыртқы блоктың екі жүрісті және үш жүрісті тоқтатқыш клапандары на қосыңыз. Содан кейін ағып кетуді анықтау үшін тоңазыту агентінің тізбегін азотпен тексеріңіз. Манометрлік коллектордан шығатын құбыршекті сыртқы блоктың тоқтатқыш клапанының қызмет көрсету портына қосыңыз. Қысымның жоғарылауы қысым мақсатты мәнге жеткенше қадамдармен жүзеге асырылады. Әрбір кезеңде тығыздықты бақылау жүзеге асырылады. Күні бойы қысымды 3 МПа деңгейінде қалдырыңыз. Егер қысым төмендемесе, ағып кету сынағы сәтті өтті. Егер аталған әрекеттерді орындау барысында қысым төмендесе, бұл ағып кетудің болуын көрсетеді. Азот қысымымен ауабаптағышты контурын тексеру байланыстырушы бөлшектердің (клапандар, қоныштықосылыстар, дәнекерлеу орындары) сапасына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Тестілеу магистральдың бүкіл ұзындығы бойынша ағып кетудің жоқтығына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Қысым төмендеген жағдайда ағып кетуді анықтау үшін барлық құбыр қосылыстары мен салқындату жүйесінің компоненттерін тексеру қажет. Ағып кетулер тыңдау арқылы анықталады. Сондай-ақ сабынды су мен саңылау-лар іздегішті пайдалануға болады. Гайкаларды мықтап қатайту арқылы, сондай-ақ дәнекерлеу арқылы табылған ағып кетулерді жойыңыз. Жүйеде ағып кету сынамасын қайта орындаңыз. Ағып кетуді жөндегеннен кейін жүйені вакуумдау үрдісін қайтадан орындау керек.

2. Қосылу құбырын қосқаннан кейін сыртқы блоктың тоқтатқыш клапанынан ішкі блокқа дейін ағып кетудің баржоғын тексеру қажет. Содан кейін ағып кетуді анықтау үшін тоңазыту агентінің тізбегін азотпен тексеріңіз. Манометрлік коллектордан шығатын құбыршекті сыртқы блоктың тоқтатқыш клапанының қызмет көрсету портына қосыңыз. Қысымның жоғарылауы қысым мақсатты мәнге жеткенше қадамдармен жүзеге асырылады. Әрбір кезеңде тығыздықты бақылау жүзеге асырылады. Күні бойы қысымды 3 МПа деңгейінде қалдырыңыз. Егер қысым төмендемесе, ағып кету сынағы сәтті өтті. Егер аталған әрекеттерді орындау барысында қысым төмендесе,бұл ағып кетудің болуын көрсетеді. Азот қысымымен ауабаптағыштың контурын тексеру байланыстырушы бөлшектердің (клапандар,қоныштықосылыстар, дәнекерлеу орындары) сапасына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Тестілеу магистральдың бүкіл ұзындығы бойынша ағып кетудің жоқтығына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Қысым төмендеген жағдайда ағып кетуді анықтау үшін барлық құбыр қосылыстары мен салқындату жүйесінің компоненттерін тексеру қажет. Ағып кетулер тыңдау арқылы анықталады. Сондай-ақ сабынды су мен саңылаулар іздегішті пайдалануға болады. Гайкаларды мықтап қатайту арқылы, сондай-ақ дәнекерлеу арқылы табылған ағып кетулерді жойыңыз. Жүйеде ағып кету сынамасын қайта орындаңыз. Ағып кетуді жөндегеннен кейін жүйені вакуумдау үрдісін қайтадан орындау керек.

• Сыртқы блокты құрастыру

1. Орнату және қосу

а) блокты орнату орнының айналасында 3 метр радиуста от көздері болмауы тиіс.
б) Тоңазыту агенттерінің ағып кететін жерлерін тесік іздегішпен тексеріңіз. Тексеру төменнен жасалуы керек.



2. Құрастыру

Сыртқы блокты іргетас тірегіне қойыңыз. Сыртқы блокты сенімді бекіту үшін анкерлік бұрандамаларын пайдаланыңыз. Құрылғыны қабырғаға немесе шатырдың бетіне орнатқан кезде тіректі мықтап бекітіңіз. Бұл қатты жел кезінде сыртқы блоктың құлауын немесе қозғалуын болдырмау үшін қажет. Блокты көлденең орнату керек.

3. Тоңазыту агенті құбырларын қосу

Қосу кезінде құбырлардың орталықтарын ортаға дәл келтіру қажет. Салмалы сомынды қолмен бірнеше айналыммен бұраңыз. Содан кейін сомынды екі сомын кілтпен қатайтыңыз. Бұралу кезінде айналу сәті рұқсат етілген мәндерге сәйкес келуі керек. Бұралу кезіндегі шамадан тыс күш құбырдың байланыстырушы элементтерінің бұзылуына және тоңазыту агентінің ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

- **Вакуумдау**

Вакуумдау, конденсацияланбайтын заттарды алып тастау және тоңазыту агенті контурын құрғату үшін сандық вакуумметр мен вакуумдық сорғыны пайдалану керек. Вакуумдық сорғы 5 минуттан кейін 65 МПа қысымның төмендеуін қамтамасыз етуі керек. 650 Па вакуумға жеткеннен кейін бір сағат ішінде вакуумдау үрдісін жүргізу қажет. Вакуумдау үрдісі аяқталғаннан кейін жүйені вакуум күйінде бір сағатқа қалдырыңыз. Жүйенің қысымын бақылаңыз. Қысымның жоғарылауы жүйеде ылғалдың немесе ағып кетудің бар екенін білдіреді. Жүйенің ағып кетуін тексеріңіз. Қажет болса, жүйеден ылғалды кетіріңіз. Содан кейін вакуумдау үрдісін қайтадан орындаңыз. Егер ағып кету болмаса, сыртқы блоктың екі жақты және үш жақты тоқтатқыш клапандарын ашыңыз.

- **Ағып кетуді анықтау**

Тексеру есту, сабын көбігі немесе тесік іздеуші арқылы жүзеге асырылады.

- **Құрастыру аяқталғаннан кейін тексерулер және сынақ іске қосу**

Құрастыру аяқталғаннан кейін тексерулер

Бұл тексеруді қажет етеді	Қате орнатудың салдары
Блок құрастыру тірегіне мықтап бекітілген	Блоктың құлауы. Жоғары діріл және Шу жұмыс
Тоңазыту агентінің ағуы жоқ	Жүйенің суық/жылу өнімділігін төмендету
Тоңазыту агенті құбырдың жылу оқшаулауының дұрыстығы	Конденсаттың пайда болуы. Судың ағуы
Конденсаттың дренаждық науадан еркін ағып кетуіне көз жеткізіңіз	Конденсаттың пайда болуы. Судың ағуы
Қуат көзі сәйкестендіру тақтасындағы мәліметтерге сәйкес келеді	Жұмыстың бұзылуы. Компоненттердің жұмысындағы ақаулық. Компоненттердің істен шығуы
Электр кабельдерін дұрыс қосу	Жұмыстың бұзылуы. Компоненттердің жұмысындағы ақаулық. Компоненттердің істен шығуы
Жерге тұйықтаудың дұрыс орындалуы	Тоқтың кему, электрмен зақымдану
Кабельдің түрі мен сипаттамалары нормативтік құжаттардың талаптарына сай келеді	Жұмысқа жарамсыз күй, компоненттердің істен шығуы
Ішкі және сыртқы блоктардан ауаның кіруіне немесе шығуына кедергілердің болмауы	Жүйенің суық/жылу өнімділігін төмендету
Құбырдың ұзындығы мен құйылған тоңазыту агенті мөлшерінің жазбасы бар	Жүйедегі тоңазыту агентінің мөлшері белгісіз

- **Сынақтық іске қосу**

1. Дайындық

(1) Электр құрастыру жұмыстары аяқталғаннан кейін, сондай-ақ жүйенің саңылаусыздығын тексергеннен кейін ғана қондырғының қуат көзін қосуға болады. Барлық жұмыстарды білікті мамандар орындауы керек.
(2) Кабельдердің дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Сымдарды ұстатқыш блогының түйіспелеріне мықтап бекітіңіз.
(3) Екі жақты және үш жақты тоқтатқыш клапандарының ашық екеніне көз жеткізіңіз.
(4) Барлық бөгде бөлшектерді (металл жаңқалар, сыртқы шаң, ылғал және бөгде заттар) жүйеден алып тастау керек.

2. Тестілеу рәсімі


(1) Қуат көзін қосыңыз. Қашықтан басқару пультіндегі "Қосу/Өшіру" түймесін басыңыз. Осыдан кейін ауабаптағыш жұмыс істей бастайды.
(2) Жұмыс режимін таңдау үшін «Mode» түймесін пайдаланыңыз. Жұмыс режимін таңдаңыз: салқындату, жылыту, желдету. Ауабаптағыш қалыпты режимде жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

5. ОРНАТУ ЖӘНЕ ЖАЛҒАУ

Блоктарды қосу сызбасы


Жүйе R32 тоңазыту агентінде жұмыс істеуге арналған.

Ішкі блоктарды орнату іс-шарасы жабдықпен бірге жеткізілетін нұсқаулықта сипатталған. Сызба қабырға блогы (ішкі блок) үшін берілген.



Сыртқы блокты бекіту

- Сыртқы блокты іргетас тірегіне қойыңыз. Сыртқы блокты сенімді бекіту үшін 10 мм анкерлік бұрандамаларын пайдаланыңыз. Бұрандамалар, сомындар мен шайбаларды орнату алдында дайындау қажет.
- Құрылғыны қабырғаға немесе шатырдың бетіне орнатқан кезде тіректі мықтап бекітіңіз. Бұл сыртқы блоктың құлауын немесе қозғалуын болдырмау үшін қажет, мысалы, қатты жел мен жер сілкінісі кезінде. Блокты көлденең орнату керек.
  Құрылғыны анкерлік бұрандалармен, қалың металл сыммен немесе басқа әдіспен бекітіңіз.
- Шу мен дірілді азайту үшін сыртқы блокты резеңке діріл бекіткіштеріне немесе серіппелі діріл оқшаулағышта-рына орнату керек.
- Суреттегі Ⓐ -ден Ⓖ -ге дейін белгілеу - аксессуар нөмірі.
- Ішкі блок пен еден арасындағы қашықтық кемінде 2 метр болуы керек.



① АУА ШЫҒЫСЫ
② АУА КІРІСІ
③ ҚҰБЫРЛАР ЖӘНЕ КАБЕЛЬДІ ҚОСУ
④ ДРЕНАЖ ҚҰБЫРШЕК

Компрессор (блоктың ішінде орналасқан компонент)

Сол жақтағы конденсатты ағызуды пайдаланған кезде, өтетін тесік бар екеніне көз жеткізіңіз. Ақпараттық мақсаттар үшін суреттер жабдықтың шамамен көрінісін көрсетеді. Жабдықтың кескіні нақты құрылғыдан өзгеше болуы мүмкін.

Ішкі блокты орнату

Қажетті құралдар мен материалдар Электрқоректендіру көзі

- Бұрауыш
- Кескіштер
- Қол ара
- Перфоратор
- Гайка кілті (17, 19, 26 мм)
- Ағып кету детекторы немесе сабын ерітіндісі
- Динамометрлі кілт (17, 22, 26 мм)
- Құбыр кескіш
- Құбыр кеңейткіш
- Пышақ
- Рулетка
- Кеңейткіш калибраторы

Орнату орнын таңдау

- Құрастыру орны блоктың салмағын көтеретін және діріл мен шуды өткізбейтін жеткілікті көтеру қабілетіне ие болуы керек.
- Ауабаптағышты жылу немесе бу көздеріне жақын қоюға болмайды. Ауабаптағыштың ауа кіретін және ауа шығатын саңылаулар бітелмеуі керек.
- Ішкі блоктың орналасуы сыртқы блокқа еркін қосылуға мүмкіндік беруі керек, сонымен қатар конденсаттың еркін тогын қамтамасыз етуі керек.
- Ішкі блок салқындатылған немесе қыздырылған ауа ағыны бүкіл бөлмеге еркін таралатын жерге орнатылуы керек.
- Ауабаптағыштың жанында розетка болуы керек. Блоктың айналасында қажетті бос орындар қарастырылуы керек.
- Теледидар және радио құрылғылар, сымсыз және басқару құрылғылары, күндізгі жарық шамдары кондиционерден кемінде 1 м болуы керек.
- Қашықтан басқару пульті қабырғадағы ұстағышқа орнатылған болса, күндізгі жарық шамдар қосылған кезде ішкі блоктың қабылдағышы қашықтан басқару пультінен сигнал алатынына көз жеткізіңіз.


Қажетті құралдар мен материалдар Электрқоректендіру көзі

- Қуат кабелін розеткаға қоспас бұрын, қуат ұяшығының жұмыс істеп тұрғанына және ондағы кернеудің бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Электрқоректендіру көзі параметрлері ауабаптағыштың фирмалық тақтайшасында көрсетілгендерге сәйкес келуі керек.
- Ауабаптағышты қосу үшін бөлек қуат тізбегін пайдалану керек.
- Қуат розеткасы желілік кабелі үшін қолжетімді жерде болуы керек. Кондицио-нердің желілік кабелін ұзартуға болмайды.


1 Құрастыру үлгітүрін орнату

Құрастыру үлгітүрін қабырғаға стандартты орнату


1. Құрастыру үлгітүрін қабырғаға құрылыс деңгейін пайдаланып орналастырыңыз. Тік және көлденең арқалықтардың қабырғасындағы орынды қарастырыңыз. Үлгітүрді қабырғаға уақытша бекітіңіз.
2. Үлгітүрдің орналасу деңгейін қайтадан тексеріңіз. Мұны істеу үшін үлгітүрдің жоғарғы орта нүктесіне жіпке салмақ іліңіз. Құрастыру үлгітүрінің дұрыс орналасуына көз жеткізгеннен кейін, оны жеткіз жинағына кіретін бұранда-мен мықтап бекітіңіз.
3. Рулетка көмегімен ауабаптағышқа арналған қабырғадағы тесіктің орнын белгілеңіз.



HSU-07HQJ103/R3-W(IN)
HSU-07HQJ103/R3-B(IN)
HSU-09HQJ103/R3-W(IN)
HSU-09HQJ103/R3-B(IN)
AS20HQJ1HRA-W/B
AS25HQJ1HRA-W/B
AS35HQJ1HRA-W/B
AS20HQJ2HRA-W/B
AS25HQJ2HRA-W/B
AS35HQJ2HRA-W/B



HSU-12HQJ103/R3-W(IN)
HSU-12HQJ103/R3-B(IN)
AS50HQJ1HRA-W/B
AS50HQJ2HRA-W/B



HSU-18HQJ103/R3-W(IN)
HSU-18HQJ103/R3-B(IN)
HSU-24HQJ103/R3-W(IN)
HSU-24HQJ103/R3-B(IN)
AS70HQJ1HRA-W
AS70HQJ1HRA-B
AS70HQJ2HRA-W


Құрастыру үлгітүрін арқалық маңдайшасында немесе арқалық тіректе орнату

1. Берік тақтайшаны арқалық маңдайшасында немесе арқалық тіректе мықтап бекітіңіз. Содан кейін осы тақтайшаға үлгітүрді орнатыңыз.
2. Әрі қарай, «Құрастыру үлгітүрін қабырғаға стандартты орнату» атты алдыңғы бөлімде берілген нұсқауларды орындаңыз.

2 Қабырғада тесік жасау

Құрастыру үлгітүрін қабырғада стандартты орнату

- Таңбалауға сәйкес, қабырғаға диаметрі 60 мм тесік жасаңыз. Тесік қабырға-ның сыртқы бетіне қарай аздап көлбеу болуы керек.
- Тесік тығынын орнатыңыз, содан кейін оны бітеғіш желіммен жабыңыз



3 Ішкі блокты орнату


Жалғау желілерін төсеу

[Құбырларды артта тарту]

- Тоңазыту агентінің құбырлары мен су төгетін құбыршек бағыттаңыз, содан кейін оларды таспамен байлаңы.

[Құбырларды сол жақтан немесе артта сол жақтан тарту]

- Құбырларды сол жақтан төсеу кезінде блок корпусындағы тығынды сым кескіштермен кесіңіз.
- Құбырларды артта сол жақтан төсеу әкелген кезде құбырларды тиісті тесікті таңбалауға қарай бүгіңіз. Таңбалау блоктың жылу оқшаулауын-да орындалады.
  1. Су төгетін құбыршекты ішкі блоктың жылу оқшаулау ұяшығына салыңыз.
  2. Блок аралық кабельді сыртқы блоктан ішкі блоктың артындағы тесікке қарай тартыңыз. Кабельді блоктың алдыңғы жағынан тартыңыз. Кабельді жалғаңыз.
  3. Құбырлардың жалындаған фаскалардын ауабаптағыш маймен майлаңыз. Содан кейін құбырларды қосыңыз. Құбырдың қосылысын жылу оқшаулағышымен тығыз жабыңыз және жабысқақ таспамен қатайтыңыз.




- Блок аралық кабель мен су төгетін шланг оқшаулағыш таспаны пайдаланып, тоңазыту агенті құбырлармен байлаңыз.

[Құбырларды қосудың басқа бағыттары]

- Таңдалған құбыр бағытына сәйкес блок корпусындағы бар бітеуішті алып тастау үшін сым кескіштерді пайдаланыңыз. Құбырларды қабырғадағы тесікке бағыттау арқылы бүгіңіз. Құбырлардың бүгілуіне жол бермеу үшін абай болыңыз.
- Блок аралық кабельді жалғаңыз, содан кейін оны тартыңыз, содан кейін байланыстырушы буманы жылу оқшаулауына әкеліңіз.


Ішкі блокты құрастыру үлгітүріне бекіту

- Блокты жоғарғы ойықтарды пайдаланып құрастыру үлгітүріне іліп қойыңыз. Оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін блокты жан-жаққа жылжытыңыз.
- Блокты құрастыру үлгітүріне бекіту үшін, оны төменнен көлбеу ұстап тұрып, блокты көтеріңіз, содан кейін оны перпендикуляр төмен қарай тартыңыз.



Монтаждау шаблонынан ішкі блокты алу


- Егер сіз құрастыру үлгітүрінен блокты алып тастасаңыз, бекіту қапсырмаларын босату үшін блокты қолыңызбен сәл көтеріңіз. Содан кейін блоктың түбін сәл жоғары және өзіңізге қарай тартыңыз. Құрылғыны құрастыру үлгітүрінен ажыратылғанша бұрышпен абайлап көтеріңіз.



4 Блок аралық кабельді қосу

Электр қорабының қақпағын алу

- ішкі блоктың төменгі оң жақ бұрышында орнатылған электр қорабының қақпағын алыңыз. Содан кейін бекіту бұрандаларын бұрап, кабель қысқыш жолағын алыңыз.




Ішкі блокты орнатқаннан кейін блок аралық кабельді қосу

1. Блокаралық кабельді сыртқы блоктан қабырғадағы тесіктің сол жағына қарай жүргізіңіз, ол арқылы тоңазыту агентінің құбырлары тартылған.
2. Кабельді алға тартыңыз. Клемманы ілмек жасау арқылы кабельді қосыңыз.

Ішкі блокты орнатқаннан дейін блок аралық кабельді қосу

- Блокаралық кабельді сыртқы блоктан ішкі блок корпусының артын-дағы тесікке өткізіңіз.Кабельді алға тартыңыз.
- Клемма тақтасындағы клемма бұрандаларын босатыңыз. Кабель сымының ұштарын клемма блогындағы байланыс ұяларына салыңыз. Содан кейін бұрандаларды қатайту арқылы түйісулерді бекітіңіз.
- Қатты бекітілгеніне көз жеткізу үшін кабельді аздап тартыңыз.
- Кабельді қосқаннан кейін кабельді кабель қысқышымен бекітіңіз.



ЕСКЕРТУ:

Кабельді қосқан кезде ішкі және сыртқы блоктардың клеммалық тақталардағы түйісулерді таңбалау және нөмірлеу ұқсастығын сақтаңыз.
Бұл ережені сақтамау ауабаптағыштың дұрыс жұмыс істемеуіне және оның компоненттерінің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Блок аралық кабель	≥4G x 1,0 мм²

1. Егер желілік кабель зақымдалған болса, өндірушіге, уәкілетті қызмет көрсету орталығына немесе кабельді ауыстыру үшін білікті маманға хабарласыңыз. Пайдаланылатын блокаралық кабельдің түрі ПВС (ВВГ) (H07RN-F импорттық белгісі).
2. Басқару тақтасындағы сақтандырғыш күйіп кетсе, оны T.3.15 A/250BAC типті сақтандырғышпен ауыстыру керек (ішкі блок үшін).
3. Электркұрастыру жұмыстары өңірлік нормалар мен ережелеріне сәйкес орындалуы тиіс.
4. Желілік кабель ашасы мен қуат ұяшығы оңай қол жетімді болуы керек.
5. Ауабаптағыштың қуат тізбегін ажыратқыш ретінде барлық полюстерді ашатын жарылысқа қарсы ажыратқышты пайдалану керек. Полюстерді ашқан кезде түйісулер арасындағы қашықтық кемінде 3 мм болуы керек. Ажыратқышты тұрақты тізбекте орнату керек.
6. HSU-12HTM103/R3(DB) моделі үшін блок аралық кабелінің көлденең қимасы 4G 1,5 мм² болып табылады.


5 Қуат тізбегі

- Ауабаптағыш үшін қуат ұяшығы бар жеке қуат тізбегі қамтамасыз етілуі керек.
- Жоғары ылғалдылық жағдайында ауабаптағышты қолданған кезде, токтың жылыстауынан қорғайтын автоматты ажыратқышты орнату керек.
- Басқа жағдайларда ток жүктемесінен қорғайтын автоматты ажыратқышты орнату ұсынылады.

6 Тоңазыту агенті құбырларын кесу және кеңейту

- Құбырдың ұшын құбыр кескішпен кесіңіз, кедір-бұдырларды алыңыз.
- Салмалы сомынны құбырға орнатыңыз. Құбыр кеңейткішін пайдаланып құбырды кеңейту жасаңыз.

	R-32 ұңғылағыш	Кәдімгі құбыр кеңейткішін	
	Жанышқы	Қатаң жанышқы	Жанышқы (құлақты сомынмен)
A	0~0,5 мм	1,0~1,5 мм	1,5~2,0 мм




1. Құбырды кесіңіз




2. Кедір-бұдырларды алыңыз




3. Салмалы сомынды құбырға орнатыңыз




4. Құбырды кеңейту жасаңыз



Дұрыс	Неправильно				
	 Қиғаш кесу	 Кетіктіктер	 Жаншықтар	 Біркелкі емес конус	 Ұзын конус

7 Дренаж желісі

• Дренаж желісі әрдайым төмен қарай орналасуы керек.
• Төменде дренаж желісін дұрыс орнатпау мысалдары келтірілген.



• Ішкі блоктың дренаждық науасына су құйыңыз. Дренаж желісі арқылы судың сыртқа шығарылғанын тексеріңіз.
• Егер дренаж құбыршегі үй ішінде салынған болса, оны жылу оқшаулауымен жабу керек.

8 Апаттық дабыл

Код	Ақаулық	Себебі
E1	Бөлмедегі температура сенсорының қатесі	Байланыстың үзілуі. Термистор ақаулы. Басқару тақшасы ақаулы.
E2	Жылу алмастырғыштағы температура сенсорының қатесі	
E4	Ішкі блокты басқару тақшасының EEPROM қатесі	EEPROM деректер қатесі. EEPROM қатесі. Басқару тақшасы ақауы.
E7	Сыртқы және ішкі блоктар арасындағы байланыс қатесі	Қате электр қосылымы немесе блок аралық тізбектің үзілген сымдары. Басқару тақшасы ақаулы.
E14	Ішкі блок желдеткішінің ақаулығы	Желдеткіштің электр қозғалтқышы-ның ішкі сымдарының үзілуі. Электр қозғалтқышының қуат тізбегінің үзілуі. Басқару тақшасы ақаулы.

9 Орнатудан кейінгі тексерулер және тестілеу

■ Тұтынушыға Орнату және пайдалану нұсқаулығын қалай пайдалану керектігін түсіндіріңіз

Келесі тармақтарды тексеріңіз

- ☐ Белгішені қойыңыз ✓
- ☐ Құбырлар қосылған жерлерде тоңазыту агенті ағып кеткен жоқ па?
- ☐ Тоңазыту агенті құбырының жылу оқшауланған қосылыстары?
- ☐ Сыртқы және ішкі блоктардың электр кабельдері терминал блогының түйісулеріне дұрыс қосылған ба?
- ☐ Электр кабельдері клеммалық қалыптарға мықтап бекітілген бе?
- ☐ Жерге ұластыру дұрыс орындалды ма?
- ☐ Ішкі блок қабырғаға мықтап бекітілген бе?
- ☐ Қуат көзі төлқұжат деректеріне сәйкес келе ме?
- ☐ Жоғары шуыл жоқ па?
- ☐ Ішкі блок дисплейі дұрыс жұмыс істей ме?
- ☐ Температура реттегіші дұрыс па?
- ☐ Салқындату және жылыту (жылу сорғысы үшін) дұрыс па?
- ☐ Жылыту мен салқындату (жылу сорғысы үшін) дұрыс жұмыс істеп тұр ма?
- ☐ Температураны реттеу дұрыс жүзеге асырыла ма?

Орнату алдында танысу үшін қажетті ақпарат

Міндетті тексерулер

1. Ауабаптағышта тоңазыту агентінің қандай түрі қолданылатынын тексеріңіз. Жабдық R32 тоңазыту агентінде жұмыс істеуге арналған.
2. Тоңазыту агенті контурына және қолданылатын тоңазыту агентінің қасиеттеріне қатысты деректермен танысыңыз. Деректер қызмет көрсету нұсқау-лығында қамтылған.
3. Осы нұсқаулықтың басында берілген қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ескертулерді мұқият оқып шығыңыз.
4. Ашық жалынмен тоңазыту агенті өзара әрекеттескенде (мысалы, жүйеден тоңазыту агенті ағып кетсе) улы газ (фтор қышқылы) пайда болады. Сондықтан жұмыс орнының жақсы желдетілуін қамтамасыз ету қажет.

ЕСКЕРТУ:

- Ескі жалғағыш құбырды ауыстыру кезінде ескі құбырларды бөлшектегеннен кейін дереу жаңа блок аралық желілерді орнату қажет. Бұл контурға ылғалдың түсуін болдырмау үшін қажет.
- Ескі HCFC (мысалы, R22 тоңазыту агенті) құрамында хлор қоспалары бар. Бұл тоңазыту агенттерінің жаңа түрлерімен қолданылатын тоңазыту агенті майының қасиеттерін нашарлатуы мүмкін.

Қажетті құралдар мен материалдар

R32/R410A тоңазыту агентін қолданатын жүйені орнату және техникалық қызмет көрсету үшін келесі құралдар мен материалдарды дайындаңыз.

1. Тек R32-мен жұмыс істеу үшін қолданылады (R22 немесе R407C тоңазыту агентімен пайдаланылмайды).

Құрал/материал	Қолданылуы	Ескерту
Манометрлік коллектор	Тоңазыту агентін толтыру және айдап шығару	Жоғары қысым жағында 5,09 МПа
Құю құбыршек	Тоңазыту агентін толтыру және айдап шығару	Диаметрі ұлғайтылған және беріктігі жоғары құбыршек
Тоңазыту агентін жинау станциясы	Тоңазыту агентін жинау	
Тоңазыту агенті бар баллон	Тоңазыту агентін толтыру	Баллонда R32 тоңазыту агентінің түрі көрсетілуі керек. Таңбалау баллонның үстіңгі панелінде жасалуы керек. Таңбалау қызғылт түсті болуы керек.
Баллонды құю жалғастығы	Тоңазыту агентін толтыру	Диаметрі ұлғайтылған жалғастық
Салмалы сомын (жаншылған жалғау үшін)	Құбырларды блокаралық қосу үшін	Салмалы сомын (2 түрі)

2. R32-мен жұмыс істеу үшін кейбір шектеулермен қолданылатын құралдар мен материалдар

Құрал/материал	Қолданылуы	Ескерту
Тесік іздеуші	Тоңазыту агентінің ағып кетуін анықтау үшін	HFC тоңазыту агенттері үшін пайдалануға болады
Вакуумдық сорғы	Вакууммен кептіру	Сорғы кері клапанымен жабдықталуы керек
Құбыр кеңейткіш	Айналдырып кеңейту үшін	Конустың өлшемдеріндегі айырмашылық
Тоңазыту агентін жинау станциясы	Тоңазыту агентін жинау	R32 үшін арналған болса, қолдануға болады

3. R22 және R407C-мен жұмыс істеу үшін қолданылатын және R32-мен де қолдануға болатын құралдар мен материалдар

Құрал/материал	Қолданылуы	Ескерту
Кері клапаны бар вакуумдық сорғы	Вакууммен кептіру	
Құбырбүккіш	Құбырларды бүгу үшін	
Динамометрлік кілт	Салмалы сомыны қатайту үшін	Қосылыстың ұлғайтылған мөлшері тек Ø12,70 (1/2") және Ø15,88 (5/8") құбырларға арналған.
Құбыр кескіш	Құбырларды кесу үшін	
Дәнекерлеу оттығы және азоты бар баллон	Құбырларды дәнекерлеу	
Тоңазыту агентін құюға арналған мөлшерлегіштер	Тоңазыту агентін толтыру	
Вакуумметр	Вакуум тереңдігін бақылау	

4. R32-мен жұмыс істеу үшін қолдануға болмайтын құралдар мен материалдар.

Құрал/материал	Қолданылуы	Ескерту
Құюға арналған баллон	Тоңазыту агентін толтыру	Тоңазыту агенті түрі R32 емес

R32 тоңазыту агентімен жұмыс істеуге арналған құралдарды сақтау және пайдалану тәсілі ылғал мен шаңның тоңазытқыш жүйесіне түсуіне жол бермеуі керек.

Құбырдың сипаттамасы

Қолданылатын мыс құбырларының түрі (анықтамалық ақпарат)

- Аймақтық стандарттарға сәйкес келетін құбырларды пайдалану керек

Барынша көп жұмыс қысымы	Қолданылған тоңазыту агенті
3,4 МПа	R22, R407C
4,3 МПа	R410A, R32

Құбыр материалы

Тоңазыту агенті құбырларының материалы. Фосформен тотыққан мыс жіксіз құбыр. ГОСТ 21646-2003.


- Ескі буынның тоңазыту агенттері үшін Ø19,05 (3/4") дейінгі О типті жұмсақ құбырларды пайдалануға болады. Бірақ R32 бар жүйелер үшін жартылай қатты 1/2H типті құбырларды пайдалану керек. Егер құбырдың диаметрі Ø19,05-тен аз болса, онда "О" типті жұмсақ құбырларды қолдануға болады.
- Кестеде жапон стандартының техникалық талаптары көрсетілген. Бұл кестені нұсқаулық ретінде пайдалану арқылы құбырларды жергілікті сипаттамаларға сәйкес таңдауға болады.

Диаметрі (мм)	Диаметрі (")	Құбыр түрі
Ø 6,35	1/4"	Жұмсақ иілгіш құбырлар (О түрі)
Ø 9,52	3/8"	
Ø 12,7	1/2"	
Ø 15,88	5/8"	
Ø 19,05	3/4"	Жартылай қатты (1/2H түрі) және қатты (H түрі) құбырлар

Айналдырып кеңейту үрдісінде пайда болған жалғаушы конустың диаметрі (тек О және OL типті құбырлар үшін).

R32 жүйесіндегі конустың диаметрі R22 жүйесіне қарағанда үлкен болуы керек. Бұл қосылыстың беріктігі мен саңылаусыздығын арттыру үшін қажет. Айналдырып кеңейту үрдісінде пайда болған жалғаушы конустың диаметрі (А өлшемі мм).

Құбырдың сыртқы диаметрі (мм)	Құбыр диаметрі (")	А мөлшері миллиметрмен	
		R32	R22
Ø 6,35	1/4"	9,1	9,0
Ø 9,52	3/8"	13,2	13,0
Ø 12,7	1/2"	16,6	16,2
Ø 15,88	5/8"	19,7	19,4
Ø 19,05	3/4"	24,0	23,3




Айналдырып кеңейту үшін R32-мен жұмыс істеуге арналған арнайы кеңейткішті пайдалану керек. Кәдімгі кеңейту құралын пайдаланған кезде, мыс түтіктің шаблоннан 1,0-ден 1,5 мм-ге дейінгі қашықтықта шығуын қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, кәдімгі кеңейту құралын пайдаланған кезде құбырдың шығыңқы бөлігін өлшеу құралымен өлшеу керек. Бұл құрал мыс құбырымен жұмыс істеуге арналған.

Салмалы сомын

R32 тоңазыту агенті бар жүйелерде қосылыстың беріктігін арттыру үшін 2 типті сомынды пайдалану керек. 1 типті сомын R22 тоңазыту агенті бар жүйелерде қолданылады (кестені қараңыз). Құбырдың кейбір диаметрлері үшін сомынның мөлшері R22 жүйелерінде қолданыла-тын өлшемдерден өзгеше.

Құбырдың сыртқы диаметрі (мм)	Құбыр диаметрі (")	В мөлшері миллиметрмен	
		R32 (2 түрі)	R22 (1 түрі)
Ø 6,35	1/4"	17,0	17,0
Ø 9,52	3/8"	22,0	22,0
Ø 12,7	1/2"	26,0	24,0
Ø 15,88	5/8"	29,0	27,0
Ø 19,05	3/4"	36,0	36,0




В мөлшері


- Кестеде жапон стандартының техникалық талаптары көрсетілген. Бұл кестені нұсқаулық ретінде пайдалану арқылы салмалы сомындарды жергілікті сипаттамаларға сәйкес таңдауға болады.

Тоңазыту агенті құбырының ағып кетуін тексеру

R32 тоңазыту агентмен толтырылған жүйенің саңылаусыздығын тексеру іс-шарасы стандартты болып табылады. R22 және R410A тоңазыту агентіне арналған тесік іздегіштері R32 тоңазыту агентінің ағып кетуін анықтау үшін жарамсыз екенін ескеріңіз.



Галоидты тесік іздеуші



R22 және R407 тесік іздеуші

Құбырдың саңылаусыздығын тексеру кезінде келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. Тоңазытқыш жүйесінің саңылаусыздығын тексеру кезінде қысылған азотты қолданыңыз. Жүйедегі азот қысымын қажетті жобалық мәнге дейін арттыру қажет. Содан кейін қоршаған орта температурасының ауытқуын ескере отырып, жүйенің саңылаусыздығын тексеру қажет.
2. Егер тоңазытқыш жүйесіндегі ағып кетуді анықтау тоңазыту агентімен жүргізілсе, R32 пайдаланылғанына көз жеткізіңіз.
3. R32 тоңазыту агенті тек сұйық күйде толтырылуы керек.

ЕСКЕРТУ:

1.Тоңазыту агентінің контурын тексеру үшін оттегін пайдаланбаңыз. Бұл жарылыс тудыруы мүмкін.
2. Жүйені толтыру үшін R32 газын пайдалану тоңазыту агенті құрамының өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Вакуумдау

1. Кері клапаны бар вакуумдық сорғы

Майлау майының сорғыдан тоңазытқыш жүйесіне енуіне жол бермеу үшін сорғы кері клапанымен жабдықталуы керек. Бұл сорғы қуат көзінен ажыратылған кезде орын алуы мүмкін (апатты тоқтату). Кері клапанды қазірдің өзінде қолданыста болған сорғыға орнатуға болады.

2. Стандартты өнімділік вакуумдық сорғы

65 Па қысымның төмендеуін қамтамасыз ететін сорғыны пайдалану керек (сорғы 5 минут жұмыс істегеннен кейін). Сорғы жарамды күйде болуы керек. Тұрақты қызмет көрсету, соның ішінде дұрыс май түрімен майлау қажет. Егер сорғы ақаулы болса, сору дәрежесі жеткіліксіз болуы мүмкін.

3. Вакуумметрдің дәлдігіне қойылатын талаптар

Вакуумдық тереңдікті 650 Па деңгейінде өлшейтін вакуум өлшегішті пайдаланыңыз. Бұл үшін кәдімгі манометрлік станцияны пайдалану мүмкін емес. Станция вакуумдық қысымды өлшеуге мүмкіндік бермейді.

4. Вакуумдау үрдісінің ұзақтығы

650Па вакуумға жеткеннен кейін бір сағат ішінде контурды вакууммен тазалаңыз. Вакуумдық сорғы арқылы вакуумдау үрдісі аяқталғаннан кейін жүйені вакуум күйінде бір сағатқа қалдырыңыз. Содан кейін жүйеде қысымның жоғарылағанын немесе көтерілмегенін тексеріңіз. Қысымның жоғарылауы вакуумның бұзылуын білдіреді.

5. Вакуумдық сорғы тоқтаған кездегі әрекеттер

Сорғы майының тоңазыту агенті контурына қайтарылуын болдырмау үшін мына қадамдарды орындаңыз. Сорғыны өшірмес бұрын, сорғы қорғауыш клапанын ашыңыз немесе құю құбыршегін босатыңыз. Бұл сорғыны өшірмес бұрын ауаны сору үшін қажет. Кері клапаны бар вакуумдық сорғыны пайдаланған кезде бірдей қадамдарды орындау керек.

Тоңазыту агентімен толтыру

R32 тоңазыту агенті тек сұйық күйде толтырылуы керек.

Себебі: R32 тоңазыту агенті қайнау температурасы -52°C болатын HFC түріндегі жұмыс заты болып табылады. Бұл затпен жұмыс істеу қағидасы іс жүзінде R410A-мен бірдей. Баллоннан Тоңазыту агентін сұйық фаза жағынан құю қажет. Бұл талапты орындамау баллондағы тоңазыту агенті құрамының өзгеруіне әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ:

Егер сифонмен жабдықталған баллон қолданылса, сұйық R32 тоңазыту агентін толтырған кезде цилиндрді аударудың қажеті жоқ. Толтырмас бұрын баллон түрін тексеріңіз.

Тоңазыту агентінің ағып кетуі анықталған кезде қабылданатын шаралар

Ағып кету анықталған жағдайда жүйеге Тоңазыту агентінн қосымша мөлшерін толтыру қажет. Тоңазыту агентін сұйық фаза жағынан толтыру керек.

R22 және R32 тоңазытқыш тоңазыту агенттерін салыстыру

- R32 тоңазыту агентімен жұмыс істеу қағидасы бір компонентті R22 тоңазыту агентімен бірдей. Дегенмен, жүйені газ күйінде R32 тоңазыту агентімен толтырған кезде ыдыстағы тоңазыту агентінің құрамы өзгеруі мүмкін.
- Хладагент ағып кетсе, контурды R32 сұйық күйінде қосымша толтыруға болады.


Сыртқы блокты орнату

1. Аксессуарлар

Гофрленген құбыр электр сымдарының өткір бұрыштармен зақымдалуын болдырмауға арналған.


2. Сыртқы блокты орнату орнын таңдау

Орнату орны тапсырыс берушінің қалауына сәйкес таңдалады. Бұл ретте орнату орны келесі талаптарға сай болуы керек:



- Еркін ауа алмасуының болуы.
- Басқа жылу көздерінен жылу бөлінбейді.
- Дренаждық суды бұру мүмкіндігі.
- Шығатын жылы ауа мен сыртқы блоктың шуы жақын маңдағы адамдарға және ғимараттарға кедергі жасамауы керек.
- Орнату орны қар үйінділерінен және қалың қардан қорғалуы керек.
- Құрылғының ауа кірісі мен шығысында ешқандай кедергілер жоқ.
- Орнату орны қатты желден қорғалған болуы керек.
- Орнату орны төрт жағынан ешбір құрылыстармен қоршалмауы керек. Құрылғының үстіңгі панелінен ең бос қашықтық кемінде 1 метр болуы керек.
- Құрылғыны тұйық ауа айналымы мүмкін жерлерде орнатудан аулақ болыңыз.
- Бірнеше ауабаптағыштарды орнатқанда, көрсыртқы блоктардың ауа соратын жақтары арасында қажетті орнату саңылаула-рын сақтаңыз. Бұл тұйық ауа айналымын болдырмау үшін қажет.

Орнату және қызмет көрсету саңылаулары



Арақашықтық	1 нұсқа	2 нұсқа	3 нұсқа
L1	Кедергілер жоқ	Кедергілер жоқ	500 мм
L2	300 мм	300 мм	Кедергілер жоқ
L3	150 мм	300 мм	150 мм

ЕСКЕРТУ:


(1) Бекітуді қажет ететін барлық бөлшектерді бекіткіш бұрандаларымен бекітіңіз.
(2) Желдің екпіні ауа шығатын жерге әсер етпеуі керек.
(3) Құрылғының жоғарғы жағынан кедергіге дейінгі ең аз қашықтық 1 метр.
(4) Блок ешбір құрылыстармен қоршалмауы керек.
(5) Желдің қатты екпіні бар жерлерде орнату кезінде ауа шығатын жер желге қарай орналаспауы керек.




3. Сыртқы блокты орнату


Құрылғыны орнату орнына дұрыс бекітіңіз. Құрастыру әдісі таңдалған орнату орнына сәйкес болуы керек.

- Іргетас тірегінің өлшемдері құрылғыны анкерлік бұрандалармен мықтап бекітуге болатынын қамтамасыз етуі керек.
- Іргетас тірегі жерге жеткілікті тереңдікте орнатылуы керек.
- Көлденең жазықтыққа қатысты блоктың көлбеу бұрышы 3 градустан аспауы керек.
- Құрылғының төменгі панелінде орналасқан дренаждық тесік пен тіреу бетінің арасында бос саңылау бар екеніне көз жеткізіңіз. Саңылау конденсаттың кедергісіз ағуын қамтамасыз етуі керек.



4. Орнату өлшемдері (барлық өлшемдер мм-де көрсетілген)






Моделі	W	D	H	L1	L2	L3
HSU-07/09/12HQJ103/R3(OUT) 1U20HQJ2FRA 1U25HQJ2FRA	660	245	463	380	140	260
1U20HQJ1FRA 1U25HQJ1FRA	696	256	432	415	140	280
1U35HQJ1FRA	700	245	544	440	120/140	269
HSU-18HQJ103/R3(OUT) 1U50HQJ1FRA 1U50HQJ2FRA 1U70HQJ2FRA	800	280	553	440	180	313
HSU-24HQJ103/R3(OUT) 1U70HQJ1FRA	820	306	642	490	165	329

Жалғау құбырын құрастыру

1. Жалғастырғыш құбырдың диаметрі


HSU-07HQJ103/R3(OUT)/1U20HQJ1FRA/1U20HQJ2FRA HSU-09HQJ103/R3(OUT)/1U25HQJ1FRA/1U25HQJ2FRA HSU-12HQJ103/R3(OUT) 1U35HQJ1FRA	Сұйықтық құбыры	Ø 6,35 мм
	Газ құбыры	Ø 9,52 мм
HSU-18HQJ103/R3(OUT) 1U50HQJ2FRA 1U50HQJ1FRA 1U70HQJ1FRA 1U70HQJ2FRA	Сұйықтық құбыры	Ø 6,35 мм
	Газ құбыры	Ø 12,7 мм
HSU-24HQJ103/R3(OUT)	Сұйықтық құбыры	Ø 6,35 мм
	Газ құбыры	Ø 15,88 мм



- Салмалы сомынды орнатыңыз. Содан кейін айналдырып кеңейту іс-шарасын орындау керек.

2. Тоңазыту агенті құбырларын қосу

- Құбырларды мүмкіндігінше мұқият бүгу керек. Құбырды бүгу кезінде иілу радиусы мүмкіндігінше үлкен болуы керек. Радиусы кем дегенде 30-40 мм болуы керек. Бұл құбырдың деформациясын немесе жарылуын болдырмау үшін қажет.
- Ең алдымен, газ құбырын қосу ұсынылады. Бұл орнату үрдісін жеңілдетеді.
- Құбырлар R32 тоңазыту агентімен пайдалануға арналған болуы керек.



Қосу кезінде құбырлардың орталықтарын ортаға дәл келтіру қажет. Бұралу кезіндегі шамадан тыс күш құбырдың байланыстырушы элемент-терінің бұзылуына және тоңазыту агентін ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

Құбыр диаметрі (Ø)	Айналу сәті (Н·м)
6,35 мм (1/4") сұйықтық құбыры	18~20
9,52 мм (3/8") сұйықтық/ газ құбыры	30~35
12,7 мм (1/2") газ құбыры	35~45
15,88 мм (5/8") газ құбыры	45~55

Құбырға құмды, суды және басқа бөгде заттарды кіргізбеңіз!


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Жалғаушы құбыр трассасының стандартты ұзындығы «C» метрді құрайды. (Төмендегі кестені қараңыз). «D» метрден асатын ұзындықтар жүйе өнімділігін төмендетуі мүмкін. Сондықтан жүйені тоңазыту агентімен қосымша толтыру керек.


Контурды қосымша толтыру құбырдың 1 метріне «E» грамм мөлшерінде жүргізілуі керек.

Толтыруды тек білікті сервистік инженерлер жасауы керек.

Тоңазыту агентін қосымша толтыру алдында вакуумдық сорғыны пайдаланып жүйені вакуумдау іс-шарасын орындау қажет.








Сыртқы блок	A макс.	B макс.	B мин.	C(м)	D(м)	E(г/м)
HSU-07HQJ103/R3(OUT) HSU-09HQJ103/R3(OUT) HSU-12HQJ103/R3(OUT) 1U20HQJ1FRA 1U20HQJ2FRA 1U25HQJ1FRA 1U25HQJ2FRA 1U35HQJ1FRA	10	15	3	5	7	13
1U50HQJ1FRA 1U50HQJ2FRA	10	20	3	5	7	13
HSU-18HQJ103/R3(OUT) HSU-24HQJ103/R3(OUT) 1U70HQJ1FRA 1U70HQJ2FRA	15	25	3	5	7	13

- Биіктіктің барынша көп алмасуы. «A»-дан артық емес.
- Ішкі және сыртқы блоктар арасындағы биіктік айырмашылығы 5 метрден асатын болса, майды көтеретін тұзақтарды орнату қажет. Әр 5-7 метр сайын тік құбырға тұзақтарды орнату керек.
- Құбырдың барынша көп ұзындығы. B-ден артық емес.
- Құбырдың ең аз ұзындығы. Кем емес B.
- Егер «B» құбырының ұзындығы «D» метрден асса, жүйені хладагентпен қосымша толтыру керек.


Тоңазыту агенті құбырларының саңылаусыздығын

Блоктар аралық құбырларды орнату аяқталғаннан кейін тоңазытқыш жүйесінің саңылаусыздығын тексеру қажет

- Ағып кетуді тексеру үшін құбырларды азот қысымымен сынаңыз. Сығылған азот ыдысын қолданыңыз. Жүйені азотпен сынау кезінде қосылу сызбасы суретте көрсетілген. Қысымның жоғарылауы мақсатты мәнге дейін кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жүйенің саңылаусыздығын бақылау қажет.
- Газ және сұйықтық желілеріндегі тоқтатқыш клапандары толығымен жабық болуы керек. Жүйеде қысымның жоғарылауын бастамас бұрын клапанның өзегі (газ және сұйық желілерде) жабылуы керек. Бұл әрекет азоттың сыртқы блокқа енуіне жол бермейді.



1) Азот жүйеге 0,3 МПа (3 кгс/см²) қысыммен 3 минут бойы беріледі.
2) Азот жүйеге 1,5 МПа (15 кгс/м²) қысыммен 3 минут ішінде беріледі. Бұл кезеңде елеулі ағып кетулер анықталады.
3) Азот жүйеге 3,0 МПа (30 кгс/м²) қысыммен 24 сағат бойы беріледі. Бұл кезеңде шағын ағып кетулер анықталады.




- Көрсетілген уақыттан кейін жүйедегі қысымды тексеріңіз. Егер қысым өзгеріссіз қалса, жүйе герметикалық болып саналады. Жүйедегі қысымның төмендеуі ағып кетудің болуын білдіреді. Ағып кетуді анықтау және жою.
